

**"Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі дамыту шаралары туралы"
" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 720
Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 18 шілдедегі № 300 Жарлығы
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі дамыту шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 720 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 77, 1000-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1 және 3-тармақтар алып тасталсын;
2) аталған Жарлықпен мақұлданған Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының кадр саясаты тұжырымдамасында:
«Тұжырымдаманы іске асыру құралдары» деген 2.7-бөлімде:
бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Тұжырымдаманың ережелері құқық қорғау органдарында қызмет өткерудің мәселелері бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру және жаңаларын әзірлеу, кадр саясатын іске асырушы субъектілердің функциялары мен жауапкершілігін өзгерту арқылы іске асырылатын болады.».

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев*